

## Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласында деректер банкін құрып ақпарат беру және мемлекеттік статистика жүргізу ережесін бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 17 мамырдағы N 463 Қаулысы, Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2007 жылғы 21 тамыздағы N 720 Қаулысымен.

*Ескерту. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2007 жылғы 21 тамыздағы N 720 (алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.*

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласында деректер банкін құрып ақпарат беру және мемлекеттік статистика жүргізу ережесі бекітілсін.

2. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*

Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы  
Ү к і м е т і н і ң  
2 0 0 5                      ж ы л ғ ы                      1 7                      м а м ы р д а ғ ы  
N                      4 6 3                      қ а у л ы с ы м е н  
бекітілген

**Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласында деректер банкін құрып ақпарат беру және мемлекеттік статистика жүргізу ережесі**

### **1. Жалпы ережелер**

1. Осы Ереже Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 28 ақпандағы " Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау " және 1997 жылғы 7 мамырдағы " Мемлекеттік статистика туралы " Заңдарына сәйкес әзірленген.

2. Ереже еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласында деректер банкін құрып ақпарат берудің және мемлекеттік статистика жүргізудің тәртібін айқындайды.

3. Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласында статистикалық есеп жүргізу "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасының Заңына және өзге де нормативтік құқықтық кесімдерге сәйкес жүзеге асырылады.

4. Осы Ережеде мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы статистикалық есеп - статистикалық стандарттар негізінде еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы жай-күй мен үрдістер туралы жиынтық деректерді жинау, өңдеу және тарату;

2) еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы мемлекеттік статистикалық есептілік - жалпымемлекеттік және ведомстволық статистикалық қадағалау, оның кезінде жеке және заңды тұлғалар бастапқы құжаттамадан алынған мәліметтері қамтитын, хабарланатын мәліметтердің берілу мен дұрыстығына жауапты адамдар қол қойған есептерді Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мемлекеттік статистика органдарына ұсынады;

3) бастапқы құжаттама - еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы жеке фактілерді, оқиғалар мен құбылыстарды тіркеуге арналған құжаттар;

4) еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы деректер банкі - бастапқы құжаттамадан алынатын, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органның функцияларын іске асыруына байланысты құрылатын, мәліметтер жиынтығы.

## **2. Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласында ақпарат беру және мемлекеттік статистика жүргізу**

5. Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы ақпаратты жеке және заңды тұлғалар бастапқы құжаттаманың негізінде еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органның аумақтық бөлімшелеріне, сондай-ақ статистикалық деректерді қалыптастыру үшін статистикалық жұмыстардың жоспарына сәйкес статистика органдарына береді.

6. Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы статистикалық есепке алуды мемлекеттік статистика саласындағы уәкілетті орган барлық жеке және заңды тұлғалардың еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы жай-күй мен үрдістерді сипаттайтын статистикалық деректерге деген қажеттілігін қанағаттандыру мақсатында жүзеге асырады.

7. Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы статистикалық деректер бастапқы құжаттамадан алынған деректерді өңдеу жолымен қалыптасады.

8. Статистика органдары статистикалық деректерді жүргізу үшін еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы мемлекеттік статистикалық есептілік негізінде жиналатын ақпаратты пайдаланады.

9. Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласында мемлекеттік статистикалық есептілікті жүргізу Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін

статистикалық жұмыстар жоспарына және мемлекеттік статистика саласындағы уәкілетті органның нормативтік құқықтық кесімдеріне сәйкес жүзеге асырылады.

### **3. Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласында деректер банкі құру**

10. Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы жиынтық деректерді сақтауды және қалыптастыруды қамтамасыз ету мақсатында еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган деректер банкі құрады.

11. Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы деректер банкі еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы статистикалық деректердің және еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органның аумақтық бөлімшелері беретін ақпараттың негізінде қалыптасады.

12. Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы деректер банкінен алынған мәліметтер жиынтық статистикалық деректерді қалыптастыру үшін, пайдаланушылардың қалың топтары арасында ресми статистикалық ақпарат ретінде тарату үшін пайдаланылады.